

Тарбағатай ауданы Сәтпаев ауылдық округіне қарасты "Заңғар-Н" шаруа қожалығына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Сәтпаев ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 9 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 21 шілдеде № 23638 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Сәтпаев ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 19 қаңтардағы № 2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Сәтпаев ауылдық округі әкімінің 19.01.2022 № 2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

ЗҚАИ-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 2-тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына, Тарбағатай ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2021 жылғы 18 маусымдағы № 327 ұсынысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Тарбағатай ауданы Сәтпаев ауылдық округіне қарасты "Заңғар-Н" шаруа қожалығының мүйізді ұсақ малдардың арасынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

әкім

А. Ерзатов